# Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген автокөлікті бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 сәуір N 481

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген автокөлікті тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген автокөлік қосымшаға сәйкес бөлінсін.

2. Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен автокөлікті қабылдауды;

2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Әкімшілік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен автокөлікті жөндеуді және тасымалдауды;

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 P990663_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің

тиістілік нормативін ескере отырып, автокөлікті бөлуді және босаған автокөлікті кейіннен сату үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 сәуірдегі
N 481 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген
автомобиль көлігін бөлу

Ескерту. Қосымшаның 2-жолы өзгерді, 3-жолы алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.08.16. N 911 қаулысымен.

P020911_

| р/с N | Министрлік пен ведомства | Автокөліктің маркасы мен саны: Ниссан-Пикап | Ниссан-Максима | Ниссан-Блюберд | Ниссан-Инфинити | Тойота Ланд Крузер | Форд-Лавест | Форд-Транзит | Вольво-940 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі | | | 1 | | | | | |

таблицаның жалғасы

| Джип Корандо Фэмили | Ниссан-Урван | Ниссан-Цивилиан | Барлығы |
|---|---|---|---|
| | | | 1 |

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК